



Бекітемін
Мектеп директоры

Есиркепова Г.Д

ЖШС «GLOBAL EDUCATION mektebi»

**2024-2025 оқу жылына арналған мектепшілік ішкі
тәртіп ережесі**

2024-2025 оқу жылы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2016 жылғы 14 қаңтардағы
№26 бұйрығына сәйкес,
29 тамыз 2024-2025 оқу жылының
№1 педагогикалық кеңес қаулысымен
бекітілген мектепшілік
ішкі тәртіп ережесі

**Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты
«Global Education mektebi» ЖШС
2024-2025 оқу жылына арналған мектепшілік ішкі тәртіп ережесі**

«Global Education mektebi» ЖШС негізгі орта мектебі өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, ҚР «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңдары мен басқа да заңдылықтары және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы қабылданған. Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы орталық атқарушы орган мен білім беруді басқару органдарының шешімдерін және осы ережелерді басшылыққа алады.

«Global Education mektebi» ЖШС негізгі орта мектебінің мақсаты:

1. Жалпы білім бағдарламаларындағы білім мазмұнының міндетті деңгейін игерту негізінде оқушылардың жалпы ғылыми, жалпы мәдени дайындығын қалыптастыру, оқушыларды қоғамдық өмірге әлеуметтік жағынан бейімдеу, кәсіпті еңбек түрін саналы түрде таңдауға, меңгеруге негіз қалау, азаматтыққа, елжандылыққа, Отанын сүйуге тәрбиелеу.
2. Мектеп оқыту мен тәрбиелеуді жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүддесін көздей отырып жүргізеді, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлары, оқушылардың өздігінен қосымша білім алуына қажетті мүмкіндіктерді жасайды.
3. Мектеп жалпы білімнің сапасына, оның білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандартымен сәйкестігіне, білім беру процесіндегі ұйымдастыру түрлерінің, әдістері мен құралдарының оқушылардың жас және психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне, бейімдеріне, қабілеттеріне, мүдделеріне, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарына сәйкес болуына заңды түрде жауап береді.
4. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «25» тамыздағы № 36 қаулысына сәйкес сабақ өту.
5. Оқушылар мектептің ЖАРҒЫСЫН орындауға, жақсы оқуға, мүлкін сақтауға, басқалардың адамгершілік қасиеттерін сыйлауға, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

1. Жалпы тәртіп ережелері

1.1. Мектеп қызметкерлері кестеге сәйкес мектеп директорымен бекітілген, кәсіподақ комитетімен келісілген бойынша оларға ұсынылған лауазымдық міндеттері және оқу кестесімен, мектептің жұмыс тәртібімен жұмыс жасайды;

1.2. Педагогикалық қызметкерлер жұмыс орынында сабақ басталардан 15 минут бұрын болуы қажет. Сыныпқа келу және қоңыраудан кейін себепсіз дайындалу оқу тәртібін бұзу болып табылады;

1.3. Әкімшілік педагогикалық қызметкерлерге кезекшілік бөліп береді. (қосымша №1) Кезекшілік оқу сабақтарының басында 20 минут кешіктірілмей басталуы керек және соңғы сабақтан 20 минуттан кейін аяқталады. Кезекшілік кестесі кәсіподақ ұйымы комитетімен келісіліп, директормен бекітіледі. Кезекшілер нақтыланған жерлерге бекітіліп және жауаптылар болып табылады:

1) тәртіпке; 2) санитарлы жағдайға; 3) өзінің нысанының және бөлініп берілген аумағының эстетика түріне жауапты.

1.4. Педагогикалық қызметкерлер барлық мектептің және қоғамдық шараларға оқу жүктемесінің санына қарамай, жұмыс уақытының 40 сағат көлемінде ұзақтығын арттырмай қатысулары міндетті;

1.5. Мектеп әкімшілігі оқытушылардың сағат жүктемелерін қабылданған нормаларға мектептің мүмкіншілігіне және қызығушылық басылымдықтары негізінде мектеп мұғалімдерінің біліктілік мінездемелерін ескере отырып сабақтастық және толық қанды принциптеріне қарай бөлініп беріледі;

1.6. Мектептегі оқу сабақтары оқу жоспары негізінде директормен бекітілген кестеге сәйкес, міндетті түрде орындау үшін өткізіледі;

1.7. Сабақтар кестесі мектеп әкімшілігімен оқу материалын жағымды қабылдауды ескере отырып, еңбек тәртібінің қиындық деңгейлерімен, оқушылардың демалулары және Сан ережелерімен (санитарлы ережелер және нормалар) талаптарын сақтаумен жасалады;

1.8. Мұғалім сабақ кезінде сыныптан шығуға немесе басқа да бөтен қызметтермен айналысуға құқығы жоқ. Сабақ барысында мұғалім оқушылардың өміріне, денсаулықтарына және қауіпсіздіктеріне жауаптылық алады;

1. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру тәртібі

1.9. Мемлекеттік мекеме жүзеге асыратын мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім берудің келесі деңгейлерін қамтиды:

1) негізгі саты (5 – 9 сыныптар) – оқушыларды ғылым негіздерін меңгеруге және тұлғааралық, этноаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, неғұрлым күрделі танымдық үрдістерге көшу үшін арнайы еп-дағдыларды қалыптастыратын, оқушыларға оқытудың дараланған бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік беретін, тиісті білімдер саласында ерте бейіндеуді жүзеге асыратын базалық білім беру;

2) жоғары саты (10 – 11 сыныптар) – оқушыларды Мемлекеттік мекеме бағытталуына сәйкес келетін жекелеме пәндер бойынша жоғары күрделілік деңгейінде оқыту, бейіндік пәндер бойынша қосымша курстарды меңгерту, дараланған және жекелеме оқыту негізінде дербес шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

1.10. Мемлекеттік және орыс тілін (қазақ тілінде оқитын сыныптар үшін), акпараттық-есептеу техника негіздерін, ритмика, хореография, музыка, дене шынықтыру, технологияны зерделеу, сондай-ақ, зертханалық жұмыстарды жүргізу, бейінді пәндер бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу барысында сыныптар 2 топқа бөлінеді; шет тілін және шет тіліндегі пәндерді оқу барысында – 3 топқа бөлінеді.

1.11. Мамандандырылған білім беру ұйымдарындағы жұмыс формалары мен әдістері: интеллектуалды дарынды оқушыларды оқытуға қолданылатын, әрине, шығармашылық сипаттағы әдістер жетекші және негізгі болып табылады – жеке және топтық жұмыс формасы негізіндегі проблемалық, ізденушілік, эвристикалық, зерттеушілік, жобалау жұмыстары.

1.12. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін терең меңгеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.

1.13. Мемлекеттік мекемедегі білім беру үрдісі Қазақстан Республикасының білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары негізінде жасалған оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

1.14. Білім беру үрдісінде, сондай-ақ, республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген, мамандандырылған мектептерге арналған оқу бағдарламалары, мемлекеттік мекеменің педагогтарының жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары негізінде жасаған, жоғары оқу орындарының ғылыми жетекшілері қолдаған авторлық бағдарламалары қолданылады.

1.15. Мемлекеттік мекемеде оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер ағылшын тілінде оқытылады.

1.16. Мемлекеттік мекеме оқушылардың сұранысына және кадрлық әлеует мүмкіндіктеріне сәйкес ішкі бейіндеу пәндерінің, сондай-ақ, қолданбалы курстар мен факультативтерінің білімдік бағыттарын анықтайды.

Сыныптарды бөлу, өзгермелі вариативтік кесте, деңгейлік бөлу, таңдау пәндері мен қосымша сабақтар жүйесі арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік даралауды Мемлекеттік мекеме толық күн тәртібінде жүзеге асырады.

1.17. Оқитындардың және /немесе/ олардың ата-аналарының /олардың орнына жүрген тұлғалардың/ қалауы бойынша Мекемелерде әр түрлі бағыттарда пәндер тереңдетіліп оқытылады.

1.18. Негізгі жалпы және орта /толық/ жалпы білім беру сатыларының жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру мектеп түлектерін міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады; көшіру және қайта оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

1.19. ҚР «Білім туралы Заңының» 31 бабы, 3 тармағына сәйкес білім алушылар құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін педагогикалық кеңестің шешімі бойынша мектептен шығарылады.

2. Педагогтердің құқығы және міндеттері

Мектептің педагогикалық қызметкерлері

2.1. Сабақтарды өткізу уақытында мектепте өткізілетін (сабақтарда), сыныптан тыс, мектептен тыс шараларда балалар өмірі мен денсаулығы үшін толық жауаптылық алады;

2.2. Оқушылардың жарақаттануларының барлық жағдайында шапшаң түрде мектеп әкімшілігіне хабарлайды, сонымен қоса тиісті органдарға (жедел жәрдем, өрт бөліміне және т.б.);

2.3. Ұжым арасында этикалық нормаларды және этиканы сақтауға баулуды қатан сақтау;

2.4. Ғылыми-зерттеушілік, тәжірибелік-сынақтамалық жұмыспен айналысу, жаңа әдістемелер мен технологияларды педагогикалық практикаға енгізу.

Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің міндетті:

Педагогикалық кадрларды аттестаттау Ережесіне сәйкес 5 жылда бір рет аттестаттаудан өтеді, жүйелі біліктілігін арттырады, жұмыс сапасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асырады, педагогикалық тәжірибені таратады және меңгереді;

2.5. Мектепте өтетін барлық шараларға сабақ кестесіне қарамай қатысуға міндетті;

2.6. Жылға бекітілген тақырыптық жұмыс жоспары, әр сағатқа сабақ жоспары, сынып сағатымен қоса болуы және мектеп құжаттарын уақытылы және сапалы толтыруға міндетті;

2.7. ҚР білім беру жүйесінде қызметкерлер лауазымдары және мамандық Тізімдемесін лауазым мен мамандық бойынша жұмыстарды біріктіруге міндетті. Мектептің кәсіподақ комитетімен келісілгені бойынша мектеп әкімшілігі мамандықтарды (лауазымдарды) біріктіруге рұқсат етеді;

2.8. Директордың барлық бұйрықтарын және директордың орынбасарларының өкімдерін уақытылы мерзімде орындайды. Еңбек дауы бойынша келіспеген жағдайда арыздануға құқылы;

2.9. Лауазым нұскамаларымен және ережелерімен, ішкі еңбек тәртіп ережелерімен, жалпы білім беретін мектебі Жарғысымен, ҚР заңнамаларымен оларға арттырылған, міндеттерді қатан орындауға, абыроймен және адал жұмыс жасауға міндетті;

2.10. Мектептің негізгі тәртіптері – еңбек тәртібін сақтауға, уақытылы жұмысқа келуге, бекітілген жұмыс күні ұзақтығын сақтауға, оларға артылған міндеттерді әсерлі орындауға және оны шығармашылық үшін қолдануға, еңбек міндеттерін орындауда қызметкерге кедергі келтіретін жағдайлардан тартынуға, білім беру ұйымы директорының өкімдерін нақты орындауға міндетті;

2.11. Қоғамдық орындарда және тұрмыста, жұмыстарда жоғары моральді және қадір-қасиетті мінезде үлгі болуға міндетті, балаларға көңіл қоюға, оқушылардың ата-аналарына, ұжым мүшелеріне сыпайы болуға;

2.12. Техника қауіпсіздігі бойынша, мекеме тазалығына және өрт қауіпсіздігіне қарастырылған нұскамалар мен ережелерге сәйкес сақтауға, барлық жаракаттану жағдайлары жөнінде әкімшілікке жылдам хабарлауға міндетті;

2.13. Мемлекеттік меншікті қорғау және бекіту (құрылғыларды, құрал-саймандарды, оқу көрнекіліктерін т.б.) электр энергиясын, материалдарды үнемдеп шығындау, оқушыларды мектеп мүлкін ұқыпты сақтауға тәрбиелеу. Өзінің жұмыс орнын тазалық тәртібінде сақтауға міндетті;

2.14. Мектепшілік құжаттарды уақытылы жүргізуге міндетті (журналдар, күнделіктер, оқушылардың үлгерім табельдері);

2.15. Мектеп әкімшілігіне педагогтер төтенше және стандартты емес жағдайлар болған туралы жедел түрде мектеп әкімшілігіне хабарлауға міндетті (жедел жәрдем, өрт бөлімшесіне және т.б.);

- 2.16. Педагогтердің сыртқы түрі, киімі іскерлік стилінде, ұқыпты, тазалыққа сәйкес болуы қажет;
- 2.17. Жыл сайын белгіленген мерзімде дәрігерлік тексерістен өту туралы нұскамаларға сәйкес өтулері қажет;
- 2.18. Білім бөлімі немесе мектеп директорының бұйрығы бойынша ғана спорттық жарыстарға және басқа шараларға қатысуға, қоғамдық тапсырмаларды орындау үшін мектеп сабақтарынан оқушылар босатылады;
- 2.19. Оқушылардың өмірлік дағдыларын, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;
- 2.20. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды орындауы тиіс;

Педагогикалық қызметкерлерге тыйым салынады:

- 2.21. Өзінің ыңғайы бойынша сабақтар кестесін (сабақтарды) және жұмыс кестесін өзгертуге; сабақтарды және олардың арасындағы үзілісті алып тастауға, ұзартуға және қысқартуға тыйым салынады;
- 2.22. Оқу үрдісімен байланыспайтын, оқу жылы уақытында оқушыларды жұмыстарға алаңдатуға, оқушыларды сабақтардан шығаруға тыйым салынады;
- 2.23. Шылым шегуге, спирттік ішімдіктерді ішуге мектеп аумағында және оның бекітілген аумағында тыйым салынады;
- 2.22. Мұғалім оқушы сабаққа кешігіп келсе, сабаққа кіргізбеуге құқысы жоқ. Егер оқушы оқу құралдарын үйде ұмытқан жағдайда, мұғалім баланы үйге жіберуге немесе сыныптан шығарып тастауға құқығы жоқ;
- 2.24. Мектеп қабырғасында сауда операцияларын жүргізуге тиым салынады;

Сынып жетекшілердің міндеті:

Сынып жетекшілер, мектеп педагогтарына тән құқыққа ие, сондай-ақ олар міндетті:

- 2.25. Балалардың денсаулығын сақтау, олардың жеке бас ерекшеліктерін зерттеу, ата-анамен байланысты болу, педагогикалық білімді насихаттауға;
- 2.26. Өзі тағайындалған сыныпта басқа пән мұғалімдерімен психологпен оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарымен тығыз байланыста болуға;
- 2.27. Педагогикалық бірінғай сапалы оқушыларға мектеп пен жанұя жағынан қоя отырып, ата-аналармен тұрақты байланысты қолдап, дұрыс межеге жетуді көздеуге;
- 2.28. Қажет болған сәтте оқушыға оқу жөнінен көмек беруді ұйымдастыруға;
- 2.29. Сыныпта белгіленген құжаттарды жүргізуге мектеп әкімшілігіне үлгерім, баланың тәртібі мен сабаққа қатысуы жөнінде мәліметтер беруге, күнделіктердің жайын қарап, оны үнемі аптасына бір рет тексертіп отыруға;
- 2.30. Сынып жетекшілер ата-аналар комитетімен біріге отырып, үлгермейтін, сабақты жиі босататын балалардың ата-аналардың үйлеріне жүйелі түрде барады, қажет жағдайда жазбаша акті жасауға;
- 2.31. Оқушының денсаулығын қадағалайды, тәрбие жұмыстарын жүргізеді, оларды қоғамдық-пайдалы жұмыстарға тартып, кабинеттегі тазалықты бақылауға;
- 2.32. Оқушылардың интеллектісі мен эрудициясын дамытып, жоғарғы адамгершілік ұғым мен сананы дағдыландыру мақсатымен сыныптан тыс тәрбие

жұмыстарын ұйымдастырып, саяхаттар мен жорықтарға шығарып, сынып сағаттарын өткізіп отыруға;

2.33. Дарынды балалардың қабілеттерін танып білу, білімін дамыту, жан-жақты қалыптастыру ретінде рейтингі картасын жасауға;

2.34. Өзіне бекітілген сыныптағы пәндердің оқу бағдарламасының, жалпы орта білім стандартының орындалуын, оқушылардың тұлға ретінде, адамгершілік қарым-қатынастарының дамуына қолайлы жағдай жасауға;

2.35. Оқушының бас бостандығы мен құқығын сақтауға, өмірі, денсаулығы үшін жауап беруге;

2.36. Сынып жетекшісі өз білімі мен біліктілігін арттыруға, кәсіптік біліктілігі мен мәдениеттілігін көтеруге;

2.37. Токсанына бір рет ата-аналар жиналысын өткізуге;

2.38. Білім алушының тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында ата-аналардың үйлеріне баруға.

Білуге міндетті:

2.39. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңнамаларын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» конвенциясын және басқа білім беру мәселесі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді;

2.40. Педагогика, жас ерекшеліктер психология негіздерін, оқыту әдістемесін;

2.41. Мектеп гигиенасын, физиология, әлеуметтану негіздерін;

2.42. Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жетістіктерін;

2.43. Әдістемелік-бағдарламалық құжаттарды;

2.44. Еңбек заңнамаларын, еңбек қорғаудың нормасы мен ережесін;

2.45. Техникалық қауіпсіздік пен өртке қарсы қорғанысты;

2.46. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды орындауы тиіс.

3. Әкімшіліктің құқығы мен міндеттері :

3.1. Ұжым арасында этика нормаларын және этиканы сақтауға баулуды қатаң сақтауға;

3.2. Оқушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен), ұжымда дені сау микроклимат және моральді психологиялық жағдай жасауға;

3.3. Мектеп қызметкерлері еңбегін олардың мамандықтары мен біліктілігіне сәйкес ұйымдастыруға, олардың әрбіріне нақты жұмыс орнын бекітіп, уақытылы сабақтар кестесімен және жұмыстар кестесімен таныстыруға;

3.4. Қауіпсіз оқу және еңбек жағдайын, бөлмелердің дұрысты жағдайын, жылу, жарық, желдету, құрал-саймандар және басқа да құрылғылармен қамтамасыз ету;

3.5. Тәртіпті қатаң сақтауды, үнемі ұйымдастырушылық және тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруды, жұмыс уақытын жоюға бағытталған, еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға, тұрақты, еңбек және қалыпты жағдайын мектеп жұмыстары үшін қалыптастыруды қамтамасыз ету;

3.6. Еңбек тәртібін бұзушыларға уақытылы шара қолдану;

3.7. Еңбек ұжымына іскер, шығармашылық тұрғыда, қызметкерлердің беделін дамытуға және барлық шарада қолдауға әсер ету.

Қызметкерлер ұсыныстарын мектеп қызметтерін жақсартуға бағытталғандарды

қарастыру;

3.8. Білім беру үрдісінің сапасын қадағалау сабақтарға қатысумен және талдаумен, әкімшіліктік бақылау жұмыстарын және т.б., өткізу, сабақтар кестесін сақтаумен, білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын, оқу кестесі күнтізбесін орындауда жүзеге асырылады. Бөтен адамдар сынып (топ) сабағына мектеп директорының және директордың орынбасарлары рұқсатымен ғана қатысуларына болады, сабақ басталғаннан кейін есепке алынбаған жағдайда сыныпқа (топқа) кіру мектеп директоры мен оның орынбасарына ғана рұқсат етіледі. Педагогикалық қызметкерлерге олардың жұмыстары бойынша ескерту жасау оқушылардың қатысуларымен (сабақ) оқыту жүргізу уақытында рұқсат етілмейді;

3.9. Оқушылар мен қызметкерлердің барлық міндеттерді және техника қауіпсіздігі бойынша, өрт қауіпсіздігі, санитарлық және гигиена бойынша үнемі нұскамаларды сақтауларын және білімдерін бақылау. Оқушылар мен қызметкерлердің жарақаттануларының алдын алу бойынша, кәсіби және басқа да аурулардың алдын алуда қажетті шараларды қолдану;

3.10. Педагогикалық және басқа да мектептің қызметкерлерінің жүйелі біліктіліктерін арттыруды қамтамасыз ету;

3.11. Ғылыми еңбекті ұйымдастыруды ендіру үшін, жұмыстар сапасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асыра отырып, қызметкерлердің алдыңғы тәжірибелерін ендіре және тарата отырып жағдай жасау. Педагогикалық қызметкерлер бекітілген мерзімде аттестаттау жүргізуге құқылы;

3.12. Мектепті басқаруға қызметкерлердің қатысуларын, еңбек ұжымының жиналысын қолдана отырып, мекеме кеңестерін және басқа да қоғамдық өзін-өзі басқаруларын қамтамасыз ету. Қызметкерлердің сынаған ескертулерін қарастырып және олармен қолданған шаралар туралы хабарлау;

3.13. Еңбек міндеттерін үлгілі орындауда, еңбектегі жанартулар және жұмыстағы басқа да жетістіктер мектептің кәсіподақ комитетімен келісілгені бойынша мадақтаулар жүйесін қолдануға;

3.14. Бекітілген тәртіпте, мектеп директорының бұйрығымен мұғалімге оқу жұмысында қосымшаға әдістемелік жұмыстардың басқа да құрылымдары, оқу кабинеттерінің жетекшілігі, оқу шеберханалары, бағдарлануды ұйымдастыру;

3.15. Мектеп әкімшілігі төтенше жағдайларда шапшаң болған жағдай туралы жоғарыдағы және компетентті органдарға (жедел жәрдем, өрт бөлімі және т.б.) хабарлайды. Қажетті жағдайда дәрігерлік көмек көрсетіліп және жедел жәрдем бригадасын шақыртады;

3.16. Мектеп әкімшілігі міндеттерді орындауда қабылданған шешімді кәсіподақ комитетімен келіседі, сонымен қатар мектептің еңбек ұжымының өкілеттілігін ескереді;

3.17. Кезекші әкімшілік мектеп директорының бұйрығы негізінде директор орынбасарларымен бекітіледі (қосымша №1);

3.18. Мектепшілік тәртіп бірыңғай болып табылады және педагогикалық қызметкерлер бұл тәртіпті орындауға міндетті.

3.18. Мектепшілік тәртіпті бұзғаны үшін мектеп қызметкерлеріне жариялайды:

- ескерту;
- сөгіс;

• жұмыстан босату;

3.19. Жұмыстағы жоғары көрсеткіштері, лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен орындағандары, шығармашылығы және талаптары үшін қызметкер марапатталады;

3.20. Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерін орындалуын бақылау мектеп әкімшілігі және кәсіподақ бірлестігіне жүктелген.

3.21. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды орындауы тиіс;

4. Оқушылардың тәртіп сақтау ережесі

Жалпы ережелері

Әр оқушы өз бойында Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға міндетті.

4.1. Мектептің режимдік кесте негізінде таңертеңгі жаттығу жасауға;

4.2. Себепсіз сабақты босатпауға, кешікпеуге;

4.3. Үй тапсырмасын уақытында орындап отыруға, мектеп бағдарламасымен шектеліп қана қоймай, ізденіп ғылыми жұмыстарды орындауға, мүмкіндігіне қарай олимпиада, конференцияларға қатысуға;

4.4. Қабілетіне, қызығушылығына қарай түрлі үйірмелерге қатысуға, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға;

4.5. Мектеп мүлкін, басқа жабдықтарын сақтауға, бүлдірмеуге бүлдірген жағдайда ата-анасы шығынның орнын толтыруға;

4.6. Мектеп және қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстауға, дөрекілік көрсетпеуге, нормаға жатпайтын лексиканы қолданбауға;

4.7. Жасы кішіге, әлсіздерге, жаңадан келген оқушыларға үстемдік, өктемдік жасамауға;

4.8. Мектептің барлық мұғалімдерімен, мектепке арнайы келген қонақтарымен, техникалық қызметкерлермен таныс болмаса да сәлемдесіп жүруге;

4.9. Мектепте сағызды қолдануға, түкірмеуге, ластамауға, темекі шегуге, насыбай атуға, алкоголь ішімдіктері мен есірткі, адам өміріне қауіп тудыратын үшкір заттар мен газ баллондарын, токсикологиялық заттарын әкелуге және оны қолданбауға;

4.10. Өздеріне және басқаларға қауіп туғызатын заттар әкелуге және қауіп төндіретін әрекеттер жасауға;

4.11. Оқу-тәрбие үрдісі кезінде ұялы телефон ұстамауға;

4.12. Ғылым мен білімнің негізін қалап, өз білімін жетілдіруге;

4.13. Сабаққа кешікпей таза, ұқыпты киініп сабаққа керекті құрал-жабдықтарымен дайын келуге;

4.14. Күнделікті толтырып ұқыпты жүргізуге;

4.15. Мектеп ішіндегі, мектеп ауласындағы жұмыстарға қатысуға;

4.16. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелерін оқып-білуге және қауіпсіздік техника ережелерін қатаң сақтауға;

4.17. Мектептің қоғамдық-мәдени іс-шараларына, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына белсенділік танытуға;

4.18. Мектептің, өзінің және басқаның мүлкін сақтауға, мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға;

- 4.19. Біреудің затын рұқсатсыз иемденбеуге, тауып алған затты кезекші мұғалімге тапсыруға;
- 4.20. Сабақ кезінде медбикенің немесе сынып жетекшінің рұқсатынсыз кетпеуге;
- 4.21. Босатылған сабақтар үшін оқушы сынып жетекшіге анықтама немесе ата-анасынан ескертпе қағаз әкелуге;
- 4.22. Жүйелі түрде спортпен айналысып, салауатты өмір салтын сақтауға;
- 4.23. Заманауи талапқа сай мәдениет пен техниканы меңгеріп, әр түрлі шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 4.24. Өз еңбегін дұрыс ұйымдастырып, уақытты үнемді пайдалануға;
- 4.25. Қоғамдық орындар мен көшеде әдеп ережесін сақтауға;
- 4.26. Достарына адал болып, мектеп ұйымының тұтастығын сақтап, оның пайдалы жақтарын дамытуға;
- 4.27. Ұстаздардың еңбегіне құрметпен қарауға, мұғалімдердің, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының талаптарын белсенді қолдап, орындауға;
- 4.28. Мектеп формасын, Алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру пәндерінің бекітілген киім үлгісін оқу үрдісінде қатаң түрде сақтауға;
- 4.29. Оқушы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға, білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті, өз діни нанымдары, себептері бойынша орамал тартып жүруге (хиджаб) рұқсат етілмейді.
- 4.30. Оқушыға сай шаш өсіру талабын сақтауға тиісті.
- 4.31. Сабақтан себепсіз қалмауға, сабақтан 3 күн себепсіз қалған жағдайда мектеп әкімшілігі шара қолданады;
- 4.32. Дәлелді себептермен қатыспаған жағдайда сабақтан қалу себебі көрсетілген құжатты 3 күн ішінде тапсыру керек;

Үзіліс кезіндегі оқушының міндеті

1. Өзінің жұмыс орнын тәртіпке келтіру, тазарту;
2. Оқушы мектептің ішінде оқушының қауіпсіздігі үшін тыйым салынған (мектептің төбесі, асхана, физикалық, химиялық лаборатория) орындардан басқа жерлерде еркін жүруіне болады;
3. Үзіліс кезінде мектеп ауласынан шығу үшін кезекшіден рұқсат сұрауға;
4. Үзіліс кезінде оқушыларға бірін-бірі итеруге, бір нәрсені лақтыруға, күш қолдануына болмайды;
5. Терезе жақтауында отыруға, өз бетімен терезені ашуға қатаң тыйым салынады;
6. Үзіліс кезінде оқушылар баспалдақтармен жүгіруге, ойынға арналмаған жерлерде, терезеге жақын жерлерде жүруіне болмайды;
7. Кезекші сынып, кезекші мұғалімге үзіліс кезіндегі тәртіпке көмектесуге;

Сабақ кезіндегі тәртіп

1. Мұғалім сыныпқа кіргенде оқушылар орындарынан тұрады, амандасады. Осы жағдай сабаққа үлкен кісілер келгенде қайталанатын.
2. Сабақ кезінде өзінің де өзгенің де керекті білімін алуына кедергі жасайтындай шу, бөтен әңгіме, сабаққа керек емес заттар болмауы керек.
3. Егер оқушы мұғалімге сұрақ қойғысы келсе, не жауап бергісі келсе қолын көтереді.
4. Әр түрлі даулы мәселелерге байланысты пікір білдіргенде өз көзқарасында қалуға құқығы бар.

Оқушының сыртқы түріне кеңес (кепілдеме)

1. Оқушы мектепке сабаққа арналған мұнтаздай киіммен келу керек.
2. Киім жас ерекшелігіне сәйкес және иесінің өзіне, ортасына құрмет білдіретіндей болуы керек.
3. Оқушының мектепке зергерлік бұйымдарды көп тағып келмеуіне, опадалапты пайдаланбауына кеңес береді.
4. Спорттық киімдерді тек дене шынықтыру сабағында ғана кию керек.
5. Ерекше жағдайда болмаса, мектепте сыртқы киіммен жүруге рұқсат етілмейді.
6. Еңбек сабағында ұлдар жұмыс халатын, қыздар-алжапқыш, сәйкес бас киім киіледі.
7. Күнде оқушылар мектеп формасын киюге міндетті.
8. Мерекелік кештерде, концерттерде оқушылар өз таңдауы бойынша киінеді.

Оқушылардың асханадағы өзін-өзі ұстауы

1. Тамақтану кезінде өзін жақсы мәнермен лайықты ұстауы керек.
2. Оқушылар асхана қызметкерлеріне құрметпен қарауы керек.
3. Қасындағы көршілерін алаңдатпау үшін оқушы тамақтану кезінде қатты сөйлеуіне болмайды.
4. Оқушы тамақтанып болған соң үстелді жинайды, орындықты орнына қояды.
5. Асханада сыртқы киіммен тамақтануға болмайды.

Сыныптағы кезекшінің міндеті

1. Кезекшілер сынып кезекшілігіне сәйкес белгіленеді.
2. Кезекшілер мұғалімге сыныпты келесі сабаққа дайындауға көмектеседі, жинастыру жұмыстарын жүргізеді.
3. Үзіліс кезінде кезекші оқушы сыныпты желдетеді, мұғалімнің келесі сабаққа керекті көрнекіліктерін ілуге көмектеседі, мұғалім өтінсе дәптерлерді таратады.
4. Сабақ соңында кезекші оқушылар сынып бөлмесін келесі оқу күніне дайындайды (жиһаздардың шаңы сүртіледі, гүлге су құйылады).

Мектеп бойынша кезекшіліктің міндеттері

1. Кезекшілікті 6-9 сынып оқушылары атқарады.
2. Мектепке кірерде төменгі сынып оқушыларына сырт киімін шешуге көмектеседі.
3. Киім ілетін орынды қадағалайды.
4. Мектептегі өздеріне бөлінген орындардың тазалығы мен тәртібін қадағалайды.
5. Кезекшінің оқушылар тәртіп бұзған жағдайда дене күш қолдануына болмайды.

5. Ата-аналардың (заңды өкілдерінің) міндеттері:

- 5.1 Өз балаларының тәрбиесіне жауаптылық алуға, олардың негізгі орта және жалпы орта (толық) білім алу үшін жағдай жасауға, оқушылардың сабақтарға күнделікті қатысуларын қадағалау;
- 5.2. Жетістікте оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етуге жауаптылық алу, оның ішінде спорттық форма, ауыстыратын аяқ киім, еңбекке баулу үшін формамен қамтамасыз ету;
- 5.3. Балаға қоғамдық жерлерде жүру тәртібін үйретуге тиіс;
- 5.4. Кез-келген діни, басқа да жағымсыз әсер ететін ұйымдардан қорғауға міндетті;
- 5.5. Қолданыстағы қарастырылатын заңнамалармен, оқушымен мектеп мүлкіне келтірілген шығынды орнына толтыруға көмек көрсетуге міндетті;

5.6. Шақырту шарасы бойынша жалпы мектептік ата-аналар жиналысына және сынып жиналысына педагогтер, әкімшілік шақыртулары бойынша мектепке келулері;

5.7. Оқушыны сабақтан босату тек ғана денсаулығына байланысты дәрігердің анықтамасы бойынша рұқсат етіледі;

5.8. Туған күндерді мектепте өткізуге және соған байланысты дастархан жаюға тыйым салынады;

5.9. Мектеп мұғалімдеріне қымбат сыйлық жасауға тыйым салынады;

5.10. Оқушының мекен-жайы, байланыс телефоны өзгерген жағдайда уақытында сынып жетекшіге хабарлауға міндетті;

5.11. Ата –аналар комитетінің іс-шараларына қатысып және мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжыммен бірігіп жұмыс жүргізуге міндетті;

5.12. Мектеп қызметкерлері құқығы мен еңбегін құрметтеуге міндетті;

5.13. Әр ата-ана ҚР қолданыстағы заңнамалары нормаларын, осы Ережелерді және Жарғы талаптарын орындайды.

5.14. **ҚР «Білім туралы» заңының 49 бабы 2 пунктына** байланысты ата-аналар мектепшілік, сыныпшілік ата-аналар жиналысына қатысуға міндетті;

5.15. Өздерінің қабілеттері және қаржылық мүмкіндіктері шегінде баланың дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуге негізгі жауапкершілікті алуға **(Бала құқықтары туралы Конвенциясының 27 бабының 2 тармақшасы).**

5.16. Баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдауға, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үй мен қамтамасыз етуге **(Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Заңының 24 бабының 2-тармақшасы).**

5.17. Балаға алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға және пайдалануға тыйым салуға; **(Қазақстан Республикасы «Балалар құқықтары туралы» заңының 37 бабының 2- тармақшасы).**

5.18. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге; **(Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабының 3-тармақшасы).**

5.19. Балалардың білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтануына; **(Қазақстан республикасы «Білім туралы заңының 47-бабының 15-1 тармақшасы).**

Ата-аналар (заңды өкілдері) құқығы:

5.20. Балалардың заңды құқықтары мен мүддесін қорғауға;

5.21. ҚР қазіргі заңнамаларына және мектептің Жарғысына сәйкес мектепті басқаруға қатысуға;

5.22. Мектеп Жарғысы мен білім беру үдерісінің ұйымдасу тәртібін белгілеуші басқа құқық орнатушы және нормативтік құжаттармен, соның ішінде осы Ережемен танысуға;

5.23. Білім беру үдерісінің барысы және мазмұнымен, оқушылардың бағаларымен танысуға;

5.24. Сабақтарға (әкімшілік пен оқытушының келісімімен) және оқу, оқудан тыс қызметтің басқа түрлеріне қатысуға;

5.25. Қолданыстағы заңнаманың шеңберінде еріктіліктің негізінде сыныптың,

мектептің дамуына қайырымдылық түрінде материалдық көмек көрсетуге;
5.26. Мектеп Жарғысы мен осы Ереже шарттарының орындалуын талап етуге.

Ата-аналардың (занды өкілдердің) және басқа адамдардың мектепке келу ережелері

1. Жалпы ережелері

1. Білім беру мекемесіне келу мектеп әкімшілігімен немесе педагогтарымен алдын ала келісімі бойынша рұқсат етіледі.
2. Мектеп қызметкерлері тағайындалған кездесулер туралы алдын ала күзет қызметіне жазбаша түрде хабарлайды.
3. Сынып жетекшілері әкімшілікті және кезекші күзетшіні сыныптық ата-аналар жиналыстары, ата-аналар комитеттерінің отырыстары және бөгде адамдардың болуына байланысты іс-шаралар туралы алдын ала хабардар етіп, келуді есепке алу журналына міндетті түрде жазып отыруға міндетті.
4. Бастауыш мектеп мұғалімдері ата-аналардың назарына оқу күнін аяқтау тәртібін жеткізеді, ұйымдасқан түрде балаларды киіндіреді және оларды мектептен шығуға шығарып салады.
5. Балаларды мектепке алып баратын немесе сабақтан кейін баланы алып кету, қосымша сабақтарға (секцияларға, үйірмелерге, факультативтерге) қатысу мақсатында келген ата-аналар балаларды вахта холлында күтеді.
6. **Мектепке барған кезде тыйым салынады:**
 - қоғамдық тәртіпті бұзу;
 - өзіңізбен бірге атыс қаруын, газды, пневматикалық және суық қаруды, пиротехниканы, арнайы қорғаныс құралдарын, есірткі заттарын алып келу;
 - өзіңізбен бірге спирттік ішімдіктерді алып келу және ішу, шылым шегу;
 - мектеп қызметкерлерінің жұмысына, оқу процесіне кедергі жасау;
 - жануарларды өзімен бірге алып келу;
 - сауда жасау және жарнамалық қызметпен айналысу.
7. Мектепке бөгде адамдарды жіберуге (білім беру процесін жүзеге асырумен тікелей байланысы жоқ және оқушылар немесе олардың ата-аналары (занды өкілдері) болып табылмайтын азаматтар) білім беру мекемесінің әкімшілігімен келісім бойынша ғана рұқсат етіледі.
8. Әкімшіліктің рұқсатымен бөтен адамдарды жіберу мектеп вахтасында болатын журналға келу мақсаты міндетті түрде жазылып, келушінің жеке басын анықталғаннан кейін ғана мүмкін болады.
9. Мектеп қызметкерлері төмендегідей жағдайларда келушіні мектептен және оған іргелес аумақтан шығарып тастауға құқылы:
 - объектідегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті бұзу;
 - мектепке іргелес аумақта мақсатсыз болу және объектінің қалыпты тіршілігіне кедергі жасау;
 - мектеп ғимаратындағы және оған іргелес аумақтағы мүліктің сақталуына қол сұғу;
 - мектеп қызметкерлері мен оқушыларына дөрекілік көрсету;
 - келуші өз әрекеттерін бақыламаса, жанжал жағдайларын тудырса, оның мінез-құлқы басқа келушілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлаған кезде;
10. Шұғыл тәртіптің барлық мәселелерін кезекші әкімші шешеді.

11. Ата-аналардың мектепке кіруіне мектеп әкімшілігімен немесе педагогтарымен алдын ала келісімі бойынша рұқсат етіледі.

12. Мектеп қызметкерлерінің бірімен кездесу үшін:

- кездесудің уақыты мен орны туралы алдын-ала келісу;
- мектепке белгіленген уақытта жеке басын куәландыратын құжатпен келу;
- вахтерге жүгіну және өзінің келуін тіркеу: аты-жөнін, келу мақсатын,

кездесу жоспарланған мектеп қызметкерінің атын атау, жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну.

Есіңізде болсын, мұғалімдермен кездесу тек оқу үрдісінен кейін мүмкін болады!

Мұғалімдер мен оқушыларды сабақтан шақыруға тыйым салынады!!!

6. Мектептегі кезекші әкімшіліктің қызметтік нұсқаулығы

1. Жалпы ережелері

1.1 Кезекші әкімшілік мектеп директорының бұйрығы негізінде директор орынбасарларымен бекітіледі.

1.2 Кезекші әкімшілік тікелей мектеп директорына бағынады.

1.3 Кезекші әкімшілікке ұйымдастыру сұрақтары бойынша тікелей бағынады:

- Кезекші сыныптардың сынып жетекшілері;
- Кезекші мұғалімдер.

1.4 Кезекші әкімшілік өзінің қызметінде ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР Еңбек кодексі, ҚР «Бала құқығы туралы» ратификациялаған конвенция, ҚР азаматтық кодекс заңдары мен ҚР мемлекеттік білім бағдарламасының қаулысы, ҚР «Неке және отбасы туралы» Заңын, мектеп ережесін, ҚР Білім министрлігі мен басқа да мекемелердің білімге қатысты сұрақтарды, әкімшілік, еңбек, шаруашылық заңнамаларын, еңбекті қорғау нормасы, қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін және мектептің құқықтық актілерін (оның ішінде ішкі еңбек тәртіп ережелері) басшылыққа алады. Кезекші әкімшілік балалар құқығын қорғау Конвенциясын сақтайды.

2. Қызметі

Кезекші әкімшілік қызметінің негізгі бағыттарына кіретін:

2.1 Өзінің кезекші кезінде тәрбие мен білім беру үрдісін ҚР заңнамаларымен мектеп Уставына сәйкес ұйымдастырады.

3. Қызметтік міндеттері:

Кезекші әкімшілік келесі қызметтік міндеттерді атқаруы тиіс:

3.1 Ұйымдастырады:

- тәрбие мен білім беру үрдісіне қатысты барлық сабақ кестесі, үйірме, секциялардың және т.б жүргізілуін;
- қажет болған жағдайда, авария қызметін шақыру және қадағалау;

3.2 Бағыттайды:

- әлдеқандай жағдайларда коммуналдық авариялық және өрт, су арнайы қызметкерлермен біргіп, мектеп оқушыларын, қызметкерлерін бағыттау жұмыстарына;

3.3 Әлдеқандай жағдайларда басқарады:

- авариялық және арнайы топтардың жұмысын ұйымдастыруды;

- мектеп қызметкерлерімен оқушылардың қызметін ұйымдастыруды;
- қызметкерлермен оқушыларды көшіруді;

3.4 Бақылайды:

- мектептің ішкі еңбек ережесінің орындалуымен, қызметкерлердің жұмыс тәртібін;
- оқушылардың тәртіп ережелерін;
- барлық білім беру үрдісіне қатысты үйірме, секция т.б кестелерінің сақталуын;

3.5 Түзетеді:

- оқыс жағдайларда үйірме, секция т.б кестелерін;

3.6. Кеңес береді:

- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру сұрақтары бойынша мектеп оқушыларына, оқушыларға, және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне)

3.7 Қамтамасыз етеді:

- әлдеқандай жағдайларда коммуналдық авариялық және арнайы қызметкерлер, ата-аналармен, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымымен тиімді өзара байланысты;
- өз кезекшілігінде барлық білім беру үрдісінде мектептің жұмыс пен сабақ кестесін бұзушылардан себебі туралы жазбаша түсініктеме алу;

Құқылы:

Кезекші әкімшілік

4.1 өз кезекшілігінде тәрбие-білім беру үрдісін ұйымдастыруға байланысты кез-келген шешім қабылдап басқаруға;

4.2. Мектеп қызметкерлерінен мектептің ішкі еңбек ережесі, қызметкерлердің жұмыс тәртібі, сабақ, үйірме, секция т.б. кестелерінің сақталуын талап етуге;

4.3 Мектеп қызметкерлеріне міндеттерді бөліп беруге;

4.4 Оқу-тәрбие үрдісіндегі мадақтау және ескерту туралы бекітілген ережелер бойынша оқушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту.

4.5 Мектеп қызметкерлерін жауапкершілік тәртіпке ұсынуға;

Жауапты

5.1. Мектептің ішкі тәртіп ережесі мен Жарғысын мүлдем орындағаны немесе себепсіз орындамағаны үшін мектеп директорының және жергілікті нормативті актілері мен қызметтік міндеттерін осы қойылған нұсқаулықтарды, оның ішінде ұсынылған ұсынылмаған ережені қолданбағаны үшін.

5.2. Кезекші әкімшілік жеке оқушыға дене жарақаты мен психикалық тұрғыда бір рет нұсқан келтіргені үшін атақарып отырған қызметінен ҚР-ның «Білім беру туралы» Заңы мен Еңбек Кодексі талаптары негізінде босатылады.

5.3. Әкімшілік өз кезекшілігінде ережелерде қарастырылғандай еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық ережелерді білім беру мен шаруашылық үрдісінде бұзылған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

5.4. Әкімшілік өзінің қызметтік міндетін атқаруда мектепке немесе білім беру үрдісіне қастысушыға нұқсан келтіргені үшін бекітілген еңбек және азаматтық заңнамалармен материалдық жауапкершілікті қамтиды.

Өзара қарым - қатынас. Қызметіне байланысты.

7. Кезекші әкімшілік:

5.5. Мектеп директорының бекітілген кестесімен жұмыс істейді;

5.6. Мектептегі оқушылардың өмірімен денсаулығына байланысты болған барлық оқыс жағдайлардың талапқа сай орындалуын хабарлайды.



Мектеп директоры

Есиркепова Г.Д.

ДТІЖО

Ержанқызы Г.